

"Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларын және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 144 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 561 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 маусымда № 20819 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларын және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 144 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16437 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 12 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабы 15-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 2 маусымдағы
№ 561 бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 8 ақпандағы
№ 144 бұйрығына
1- қосымша

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар), 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабы 15-тармағының 2) тармақшасына (бұдан әрі – Салық кодексі) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және мыналарды:

1) алу, есепке алу, сақтау, беру тәртібін:

темекі өнімдерін өндіру бойынша қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың, Қазақстан Республикасының аумағына темекі өнімдерін

импорттайтын Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалардың (бұдан әрі – импорттаушы), борышкердің мүлкін (активтерін) өткізу кезінде банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың темекі өнімдеріне акциздік маркаларды (бұдан әрі – акциздік маркалар бойынша көрсетілетін қызметті алушы);

алкоголь өнімін (шарап материалдарын, сыра және сыра сусындарын қоспағанда) (бұдан әрі – алкоголь өнімі) өндіру бойынша қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың, Қазақстан Республикасының аумағына алкоголь өнімін импорттайтын Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғалардың, борышкердің мүлкін (активтерін) өткізу кезінде банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың алкоголь өніміне есепке алу-бақылау маркаларын (бұдан әрі – ЕБМ) (бұдан әрі – ЕБМ бойынша көрсетілетін қызметті алушы);

2) Қазақстан Республикасына алкоголь өнімінің импорттауын жүзеге асыратын тұлғаның Салық кодексінің 172-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін (бұдан әрі – міндеттеме), импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде ЕБМ нысаналы пайдалану туралы есебін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша мемлекеттік кірістер органдарына (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органы) ұсыну тәртібін айқындайды.

2. ЕБМ және акциздік маркаларды жасап шығаруды, оларды жеткізуді және алушыларға беруді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен және көрсетілетін қызметті алушылармен жасасқан шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

3. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізуін қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы sd_pbf@nitec.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы (Windows, Google Chrome) көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

5. Импорттаушы ЕБМ алғанға дейін мемлекеттік кірістер органдарына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемені ұсынады.

6. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және көрсету нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынудың ерекшелігін ескере отырып, осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаға сәйкес "Алкоголь өніміне (шарап материалы, сыра мен сыра сусынын қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру", "Темекі өнімдеріне акциздік маркалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарының нысанында жазылған.

2-тарау. "Алкоголь өніміне (шарап материалы, сыра мен сыра сусынын қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

7. Көрсетілетін қызметті алушылар "Есепке алу-бақылау таңбаларды, акциздік таңбаларды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының басқа баспа өнімдерін бақылау, есептеу және беру" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін немесе импортталатын алкоголь өніміне ЕБМ дайындауға арналған өтінімді (бұдан әрі – ЕБМ өтінімдері) ұсынады.

8. Жаңадан құрылған немесе алкоголь өнімін өндіру және (немесе) импорттау бойынша қызметті бастаған ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылары ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде ЕБМ өтінімдерін ұсынады.

9. Көрсетілетін қызметті алушылар, ЕБМ саны өзгерген кезде осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен кешіктірмей бұдан бұрын ұсынылған ЕБМ өтінімдеріне қосымша ЕБМ өтінімдерін жасау жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

ЕБМ саны өзгерген кезде, қосымша өтінімде мәнін арттыру немесе азайту қажеттілігіне байланысты қосу немесе алу мәнімен өзгерістер көрсетіледі.

10. Алкоголь өнімін импорттайтын ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылардан өтінімдерді қабылдау, соның негізінде акцизделетін тауарларды әкелу жүзеге асырылатын сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмелері ұсынылған кезде жүргізіледі.

11. ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылары табыс еткен ЕБМ өтінімдері келесі күнтізбелік жылға көшірілмейді.

12. Мемлекеттік кірістер органы ұсынылған ЕБМ өтінімдерін ақпараттық жүйе арқылы ЕБМ өтінімі келіп түскен күннен бастап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде келіседі немесе оларды келісуден бас тартады.

Осы Қағидалардың 7, 8, 9 және 10-тармақтарында көрсетілген талаптар сақталмаған кезде мемлекеттік кірістер органы ұсынылған ЕБМ өтінімдерін келісуден бас тартады.

13. Мыналарға:

бір көрсетілетін қызметті алушы алған ЕБМ басқа көрсетілетін қызметті алушыға беруге;

көрсетілетін қызметті алушының бір сыртқы сауда шартын (келісімшартты) орындау кезінде алынған алкоголь өнімдерін таңбалау үшін, көрсетілетін қызметті алушының басқа сыртқы сауда шартын (келісімшартты) орындау үшін ЕБМ пайдалануға жол берілмейді.

14. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін немесе импортталатын алкоголь өніміне ЕБМ жасауға арналған өтінімдер мемлекеттік кірістер органымен келісілген соң, автоматты түрде ақпараттық жүйе арқылы көрсетілген қызметті берушіге әзірлеу үшін түседі.

15. Ұсынылған өтінімді келісуден бас тарту алған кезде ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылары осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте ЕБМ өтінімін қайта береді.

16. ЕБМ жасап шығарғаны үшін төлемді ЕБМ көрсетілетін қызметті алушылар олардың ЕБМ өтініміне сәйкес көрсетілген қызметті берушінің банк шотына ақша аудару жолымен ЕБМ алу жүзеге асырылатын айдың 1-і күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде әр ай бойынша бөлек жүргізеді.

17. Таңбалау кезінде ЕБМ алу мақсатында ЕБМ бойынша көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына ақпараттық жүйе арқылы мынадай нысан бойынша:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өніміне – осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес;

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өніміне – осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ЕБМ алуға арналған өтінішті ұсынады.

18. Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімін таңбалау үшін ЕБМ алуға арналған өтінішті ұсынған кезде ЕБМ көрсетілетін қызметті алушысы:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемені;

міндеттеменің орындалуын растайтын құжатты (төлем құжаты, банк кепілдігі, кепілгерлік шарты, мүлікті кепілге қою шарты) қосымша ұсынады.

19. Қайта таңбалау кезінде ЕБМ алу мақсатында көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына ақпараттық жүйе арқылы мынадай нысан бойынша:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне – осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес;

Қазақстан Республикасының аумағына импортталған алкоголь өніміне – осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес ЕБМ алуға арналған өтінішті ұсынады.

20. ЕБМ көрсетілетін қызметті алушысы банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған жағдайда ЕБМ алуға арналған өтінішке:

банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімінің көшірмесі ;

банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі не борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығын борышкердің мүлік меншігінің иесіне, өзі уәкілеттік берген органға, құрылтайшыларға (қатысушыларға) қалдыру туралы сот ұйғарымы;

түгендеу туралы есеп қоса беріледі.

21. Мемлекеттік кірістер органы ЕБМ алуға арналған өтінішті ЕБМ алуға арналған өтінішінің келіп түскен күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйе арқылы келіседі не оларды келісуден бас тартады.

ЕБМ алуға арналған өтінішті келісу кезінде мемлекеттік кірістер органы өтініштерде көрсетілген мәліметтердің, акциздерді төлеудің дұрыстығын тексереді, төлем құжаттарында көрсетілген төленген сомаларды мемлекеттік кірістер органдарында бар деректермен салыстырады.

22. Мемлекеттік кірістер органы ЕБМ алуға арналған өтініштерді:

өтініштерге осы Қағидалардың 18 және 20-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған;

акциздердің сомасы толық төленбеген кезде келісуден бас тартады.

23. Көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беруді көрсетілген қызметті беруші ЕБМ жапсырылған штрих-кодпен және ЕБМ алуға арналған өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын байланыстыруды жүзеге асырумен ЕБМ алуға арналған өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күнен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

24. Көрсетілетін қызметті алушыға алкоголь өніміне ЕБМ берілген кезде, көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйе арқылы электронды түрде жүкқұжатты ресімдейді.

Жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

жүкқұжаттың нөмірі және ресімдеу күні;

ЕБМ берілген күні;

ЕБМ алуға арналған өтініштің нөмірі мен берілген күні;

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН немесе БСН);

алкоголь өнімдерінің атауы, түрі және сыйымдылығы;

ЕБМ сериялары, нөмірлердің диапазондары және саны.

25. Көрсетілетін қызметті алушыға ЕБМ беру ЕБМ алуға арналған өтінішінде көрсетілген санға сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну тәртібі

26. Импорттаушы іс жүзіндегі импорттау аяқталғаннан кейін 6 (алты) айдан кешіктірмей ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін (бұдан әрі – есеп) ұсынады.

27. Мемлекеттік кірістер органы, импорттаушы осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген есепті ұсынғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде импорттаушыға ақпараттық жүйе арқылы есепті алғаны туралы хабардар етеді.

28. Мемлекеттік кірістер органының есепті растауы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін тіркеуді есепке алу журналында белгі қою арқылы жүзеге асырылады.

29. Есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей импорттаушы атына, себептерін көрсете отырып, мемлекеттік кірістер органы жазбаша бас тартуды жолдайды.

Есептегі деректердің сәйкес келмеуі, бас тарту үшін негіздеме болып табылады.

30. Растау туралы белгісі бар есептің бір данасы мемлекеттік кірістер органында қалады, екінші данасы импорттаушыға табыс етіледі (жолданады).

31. Мемлекеттік кірістер органы қабылдаған есеп міндеттеменің орындалуын растау және міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуін қайтаруға негіз болып табылады.

32. Импорттаушы есепті ұсынбаған кезде, Міндеттемені орындау мерзімі өткеннен кейінгі келесі күні, мемлекеттік кірістер органы Салық кодексінің 172-бабының 13-тармағына сәйкес шаралар қабылдайды.

Мемлекеттік кірістер органы есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, импорттаушының одан кейінгі ЕБМ алуына рұқсат етілмейді.

4-тарау. "Темекі өнімдеріне акциздік маркалар беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

33. Акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушылары ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Қазақстан

Республикасының аумағында өндірілетін немесе импортталатын темекі өнімдеріне акциздік маркаларды дайындауға арналған өтінімді (бұдан әрі – акциздік маркаларға арналған өтінімдер) ұсынады.

34. Жаңадан құрылған немесе темекі өнімдерін өндіру және (немесе) импорттау бойынша қызметті бастаған акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушылары ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес акциздік маркалардың алуы жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде акциздік маркаларға арналған өтінімдерді ұсынады.

35. Акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушылары, акциздік маркалардың санын және (немесе) түрлерін өзгерткен кезде, осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес акциздік маркаларды алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен кешіктірмей бұрын ұсынылған акциздік маркаларға арналған өтінімдерге қосымша өтінім жасау жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Акциздік марканың саны өзгерген кезде, қосымша өтінімде мәнін арттыру немесе азайту қажеттілігіне байланысты қосу немесе алу мәнімен өзгерістер көрсетіледі.

36. Темекі өнімдерін импорттайтын акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушыларынан өтінімдерді қабылдау, соның негізінде акцизделетін тауарларды әкелу жүзеге асырылатын сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмелері ұсынылған кезде жүргізіледі.

37. Акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушылары табыс еткен акциздік маркаларға арналған өтінімдер келесі күнтізбелік жылға көшірілмейді.

38. Мемлекеттік кірістер органы ұсынылған акциздік маркаларға арналған өтінімдерді ақпараттық жүйе арқылы өтінім келіп түскен күннен бастап, 2 (екі) жұмыс күні ішінде келіседі немесе оларды келісуден бас тартады.

Осы Қағидалардың 33, 34, 35 және 36-тармақтарында көрсетілген талаптар сақталмаған кезде мемлекеттік кірістер органы ұсынылған акциздік маркаларға арналған өтінімді келісуден бас тартады.

39 Бір акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушысы алған акциздік марканы басқа акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушысына беруге жол берілмейді.

40. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін немесе импортталатын акциздік маркаларға арналған өтінімдер мемлекеттік кірістер органымен келісілген соң, автоматты түрде ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге әзірлеу үшін түседі.

41. Ұсынылған акциздік маркаларға арналған өтінімдерді келісуден бас тарту алған кезде акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушысы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен акциздік маркаларға арналған өтінімдерді қайта береді.

42. Акциздік марка жасап шығарғаны үшін төлемді акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушылары олардың акциздік маркаларға арналған өтініміне сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің банк шотына ақша аудару жолымен акциздік марка алу жүзеге асырылатын айдың 1-і күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде әр ай бойынша бөлек жүргізеді.

43. Акциздік маркаларды алу мақсатында акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушысы көрсетілетін қызметті берушіге және мемлекеттік кірістер органына ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акциздік маркаларды алуға арналған өтінішті ұсынады.

44. Акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушысы банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған жағдайда акциздік маркаларды алуға арналған өтінішке:

банкрот деп тану немесе оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімінің көшірмесі ;

банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі не борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығын борышкердің мүлік меншігінің иесіне, өзі уәкілеттік берген органға, құрылтайшыларға (қатысушыларға) қалдыру туралы сот ұйғарымы;

түгендеу туралы есеп қоса беріледі.

45. Мемлекеттік кірістер органы акциздік маркаларды алуға арналған өтінішті акциздік маркаларды алуға арналған өтінішінің келіп түскен күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйе арқылы келіседі не оларды келісуден бас тартады.

Акциздік маркаларды алуға арналған өтінішті келісу кезінде мемлекеттік кірістер органы өтініштерде көрсетілген мәліметтердің, акциздерді төлеудің дұрыстығын тексереді, төлем құжаттарында көрсетілген төленген сомаларды (өндірілетін темекі өнімдеріне акциздер төлеуді қоспағанда) мемлекеттік кірістер органдарында бар деректермен салыстырады.

46. Мемлекеттік кірістер органы акциздік маркаларды алуға арналған өтініштерді :

өтініштерге осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған;

акциздердің сомасы (өндірілетін темекі өнімдеріне акциздер төлеуді қоспағанда) толық төленбеген кезде келісуден бас тартады.

47. Акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушыларына акциздік маркалар беруді көрсетілген қызметті беруші акциздік маркаларды алуға арналған өтініштерді мемлекеттік кірістер органы растаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

48. Көрсетілетін қызметті алушыға темекі өнімдеріне акциздік маркалар берілген кезде, көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйе арқылы электронды түрде жүкқұжатты ресімдейді.

Жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:
жүкқұжаттың нөмірі және ресімдеу күні;
акциздік маркалар берілген күні;
акциздік маркалар алуға арналған өтініштің нөмірі мен берілген күні;
көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе атауы, ЖСН немесе БСН;
акциздік маркалардың түрі және саны.

49. Акциздік маркалардың көрсетілетін қызметті алушыларына акциздік маркаларды беру акциздік маркаларды алуға арналған өтінішінде көрсетілген санға сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Есепке алу-бақылау маркалары мен акциздік маркаларды есепке алу және сақтау

50. Көрсетілетін қызметті алушы ЕБМ немесе акциздік маркалардың есепке алуын "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес жүзеге асырады.

51. Пайдаланылмаған және (немесе) бүлінген (алкоголь өнімін, темекі бұйымдарын өндіру және/немесе импорттау барысында жыртылған) ЕБМ немесе акциздік маркаларды көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік кірістер органына қайтарады. Бұл ретте УКМ немесе акциздік маркалар үшін төленген ақшалай қаражат қайтарылмайды.

52. Алкоголь өнімдерін ЕБМ-мен, темекі өнімдерін акциздік маркалармен таңбалау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген Шарап материалын, сыраны және сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдарын акциздік маркалармен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын, сондай-ақ акциздік және есепке алу-бақылау маркаларының нысанын, мазмұнын және қорғау элементтерін (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16444 болып тіркелген) бұза отырып жүргізілген жағдайларда да ЕБМ және акциздік маркалар мемлекеттік кірістер органына қайтарылуы тиіс. Бұл ретте ЕБМ немесе акциздік маркалар үшін төленген ақшалай қаражат қайтарылмайды.

53. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ЕБМ немесе акциздік маркаларды олар пайдаланылғанға дейін, сондай-ақ бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБМ немесе акциздік маркаларды олар жойылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

54. Көрсетілетін қызметті алушының бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБМ немесе акциздік маркаларды қайтаруы қайтару себептерін көрсете отырып және ол бойынша ЕБМ немесе акциздік маркалар алынған жүкқұжатты көрсеткен кезде еркін нысандағы ЕБМ немесе акциздік маркаларды қайтару туралы өтінішінің негізінде мемлекеттік кірістер органында жүргізіледі.

55. ЕБМ мен акциздік маркаларды қайтару кезінде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБМ немесе акциздік маркаларды қабылдап алу-беру актісі (бұдан әрі – қабылдап алу-беру актісі) екі данада жасалады және жыл сайын 10 қаңтардан кешіктірмей кемінде үш қызметкерден тұратын мемлекеттік кірістер органы басшысының бұйрығымен құрылған комиссия (бұдан әрі – комиссия) қол қояды. Қабылдап алу-беру актісінің бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

56. ЕБМ немесе акциздік маркаларды жоюды комиссия, көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сы күнінен кешіктірмей жүргізеді.

57. ЕБМ немесе акциздік маркаларды іс жүзінде жою туралы екі данада осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБМ немесе акциздік маркаларды есептен шығару және жою туралы актісі (бұдан әрі – жою актісі) жасалады. Жою актісінің бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Жою актісінің әрбір данасына комиссия мүшелері және көрсетілетін қызметті алушы қол қояды және мемлекеттік кірістер органының мөрімен куәландырылады.

ЕБМ немесе акциздік маркаларды жою фактісі ақпараттық жүйелерде тіркеледі.

58. Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйе арқылы ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған ЕБМ немесе акциздік маркаларды пайдалану туралы есептерді табыс етеді.

6-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

59. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызметкерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

60. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

61. Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
1-қосымша
нысан

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

(мемлекеттік кірістер органы басшысының Т.А.Ә.
(ол болған кезде)

Тіркеу № _____ ж.

(мемлекеттік кірістер органы толтырады)

Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесі

(импорттаушының атауы, БСН*, заңды мекенжайы, банк деректемелері)

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабының 7-тармағына сәйкес, міндеттемені мынадай тәсілде қамтамасыз етуді жүзеге асыруға

(төлем құжаты, банк кепілдігі, кепілгерлік шарты, мүлікті кепілге қою шарты)

№ _____

(қамтамасыз ету тәсілінің күні)

(қамтамасыз ету тәсілінің нөмірі)

_____ тенге мөлшерінде

есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалануға, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде алкоголь өніміне жапсыруы үшін есепке алу-бақылау маркаларын әкетуді жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының аумағына белгіленген тәртіпте есепке алу-бақылау маркаларымен таңбаланған алкоголь өнімін әкелуді және оны межелі жеріне жеткізуді жүзеге асыруға, бүлінген

және (немесе) пайдаланылмаған есепке алу-бақылау маркаларын берген мемлекеттік кірістер органына қайтаруға, импортталған алкоголь өнімі бойынша жанама салықтарды төлеуге, мемлекеттік кірістер органына белгіленген мерзімде импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін ұсынуға міндеттенеді.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттер орындалмаған жағдайда, осы Міндеттемені орындауды қамтамасыз ету сомасы болып табылатын ақшаны, міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын мемлекеттік кірістер органы мемлекеттік бюджет кірісіне аударады.

20 __ жылғы " ____ " _____

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын оқыдым.

Алушы 20 ____ жылғы " ____ " _____ сағат 00:00-де қол қойды және жіберілді

ЭЦҚ-дан деректер

ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты

Ескертпе: аббревиатураларды ашып жазу:

Т.А.Ә. (ол болған кезде) – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – Бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
2-қосымша
нысан

"Алкоголь өніміне (шарап материалы, сыра мен сыра сусынын қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты	
